

SAIASAT

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

5-бет

АЛЕУМЕТ

ӘЛЖУАЗ ТОПТАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

8-бет

ZERDE

СӘТБАЕВТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

9-бет

KELBET

ҚАРАШАҢЫРАҚТА ҚАУЫШҚАНДАР

10-бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Д.Т.Ақышевты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшісі қызметіне тағайындау туралы

Данияр Талғатұлы Ақышев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшісі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. НАЗАРБАЕВ

Нұр-Сұлтан, 2019 жылғы 9 сәуір №5

Сыртқы саясаттағы сабақтастық сақталады

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұловты қабылдады, деп хабарлады Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаевқа министрліктің қазіргі қызметі және алдағы жұмыс жоспары туралы мәлімделді.

Елбасы сыртқы саяси бағытымыздың сабақтастығын қамтамасыз етудің және Қазақстанның стратегиялық серіктестерімен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған шараларды біртіндеп іске асырудың маңыздылығына тоқталды.

– Елімізде елеулі саяси өзгерістер болды. Биліктің қалыпты әрі бейбіт жолмен берілуін қамтамасыз етіп, бүкіл әлемге Конституция аясында әрекет ететінімізді көрсеттік. Бұл – барша жұрт үшін айтулы оқиға. Қазір ең бастысы – осыған дейін қалыптасқан сыртқы

саяси бағытымыздан айнымау. Ең алдымен, жақын көршілерімізбен арадағы қатынастарға назар аудару керек. Бұл қатынастар өзара сенімге негізделуге тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті сондай-ақ шетелдерге жасалатын сапарларға және халықаралық іс-шараларға мұқият дайындалу қажеттігін атап өтті.

– Қазіргі таңда мынадай мәселелерге баса мән беру керек. Біріншіден, Оңтүстік Корея Президентінің Қазақстанға сапары. Екіншіден, «Бір белдеу, бір жол» форумына қатысу үшін Қытай Халық Республикасына жасалатын сапар. Сонымен қатар Еуразия экономикалық одағының мерейтойлық саммитін өткізу үшін жақсылап дайындалу керек. Оның бес



Сурет Елбасының баспасөз қызметінен алынды

жылдығын елордамызда атап өтеміз, – деді Елбасы.

Сыртқы істер министрі Б.Атамқұлов елімізде болған саяси оқиғаларды халықаралық ұйымдардың басшылары оң бағалап жатқанын жеткізді.

– Халықаралық ұйымдардың басшылары Қазақстанның халықаралық

міндеттемелерді жүзеге асыра беретініне сенім білдіруде. Әлемдік қоғамдастық Сіздің жаһандық бастамаларыңызды және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесіңізді, соның ішінде ядролық қарусыздану мен ядролық қаруды таратпау ісіне сіңірген еңбегіңізді жоғары бағалауда, – деді Б.Атамқұлов.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Үндеуі

Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам.

Біз Елбасымыздың арқасында тәуелсіз, қуатты мемлекет құрдық. Қазақстан халықаралық жүйеде өзіне лайықты орнын алды. Бізді ықпалды және белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындайды.

Қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткізіп отырмыз.

Жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысты. Бүкіләлемдік қоғамдастық осы оқиғаны түсіністікпен және құрметпен қабылдады.

Мемлекет басшысы ретінде мен өзімнің міндетімді және жауапкершілігімді терең сезінемін.

Президент лауазымына кіріскеннен бастап өңірлерді аралап жүрмін. Халықтың көңіл күйін жақсы білемін. Зиялы қауыммен, еңбек ұжымдарымен, бизнес өкілдерімен, инвесторлармен, халықаралық тұлғалармен кездестім.

Біз Елбасының сара жолымен жүреміз. Халқымыз – біртұтас. Тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы Президент сайлауы осыған дәлел болуы керек.

Сондықтан елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, алға басу үшін, әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты

жүзеге асыру үшін бізге айқындық қажет. Оның үстіне, әлемдегі ахуал бұлыңғыр болып тұр. Бұл Отанымыздың қауіпсіздігіне сын-қатер әкелуі мүмкін.

Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сәтті әрі тиімді іске асыруымыз керек.

Ол үшін аталған тағдырлы шешімді қабылдадым.

Мұндай шешім тек халықтың тікелей еркімен сайлауда қабылдануы қажет.

Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады.

Мен, Мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілді беремін! Бұл – менің берік ұстанымым!

Алдымызда зор міндеттер тұр. Мен халқымызға, яғни сіздерге сенемін.

Қадірлі отандастар!

«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз.

Алдағы сайлауға баршаңызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын.

Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2019 жылдың 9 маусымына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2019 жылғы 9 сәуір №18



Партия жетекшілерімен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Nur Otan партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Маулен Әшімбаевты, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашевті, Қазақстан коммунистік халық партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Айқын

Қоңыровты, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы Әли Бектаевты қабылдады, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі. Кездесу барысында қоғамдық-саяси күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Еркін Қадырбекұлы Ахиянжанов Қазақстан Республикасының Норвегия Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі қызметіне тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Өкімінен Данияр Талғатұлы Ақышев басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметінен босатылды.

Медицина саласының сапасы мен қолжетімділігі маңызды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысына азаматтардың денсаулығын нығайтуға, Қазақстандағы медициналық көмектің сапасын арттыруға және оның қолжетімділігіне қатысты қабылданған шаралар жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне жеткілікті қаражат бөлінетінін атап өтті. Бұл қаржыны оның тиімділігін арттыруға, ішкі ресурстарды жұмылдыруға және медицина қызметкерлерінің еңбекақысын өсіруге жұмсау қажеттігін айтты.

Елбасы мен Қазақстан Президентінің тапсырмалары бойынша 2019 жылғы 1 маусымнан бастап жаалақысы төмен медицина қызметкерлерінің еңбекақысы 30 пайызға артады.



Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Елжан Біртанов Мемлекет басшысына алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем сапасын арттыруға, дәрігерлердің жұмыс жүктемесін азайтуға, тұрғындардың скринингпен қамтылуын кеңейтуге, медициналық қызмет көрсету ісін цифрландыруға және Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық ғылыми

онкологиялық орталық құру туралы жобаны жүзеге асыруға қатысты жүргізілген жұмыстар жөнінде баяндалды.

Соңында Қазақстан Президенті халықаралық озық тәжірибені пайдалана отырып, отандық денсаулық сақтау саласын дамыту үшін алдағы уақытта тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.